



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• ҒЫЛЫМ

Exeter елге келуі мүмкін

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің өкілдері қазақстандық делегация құрамында Лондонда өткен әлемнің ең ірі білім беру көрмесінің бірі Bett Show-да болып қайтты. Жоғары оқу орны базасында британдық Exeter университетінің филиалын ашу туралы қызықты ұсыныспен оралды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазақстан 40 жылда алғаш рет Ұлыбританияда өткен ірі халықаралық Bett Show білім беру көрмесіне өзінің ұлттық павильонын ұсынды. Көрмені өткізу барысында Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне оның базасында Ұлыбританияның жетекші жоғары оқу орны – Эксетер университетінің (University of Exeter) филиалын ашу туралы ұсыныс келіп түсті. Әзірге тек ауызша алдын ала келісімге келу туралы сөз қозғалды. Бірақ, филиал ашу туралы ержей-тегжейлі талқылаудан кейін бұл тиісті шартпен және одан әрі іске асырумен бекітіледі деп үміттенеміз, – деді ҚарТУ ректоры Сәуле Сағынтаева.

– University of Exeter жоғары сапалы білім алуға бейім екенін және Teaching Excellence Framework (TEF 2023) беделді үштік алтын рейтингін алған Расселл тобының бірнеше жоғары оқу орындары болып табылатынын ерекше атап айтамын. Біз басқа да шетелдік серіктестермен осындай пайдалы және өзара тиімді ынтымақтастыққа әрқашан қуаныштымыз. Республиканың техникалық ЖОО-дары арасында алдыңғы қатарда тұрған университетке де басқа елдердегі әріптестерімен бөлісетін көп жобалары бар, – деді Сәуле Сағынтаева.

Айта кеткен жөн, University of Exeter – тарихы терең көпсалалы британдық жоғары оқу орны. Ол 1855 жылы құрылған. Бүгінде жоғары оқу орнында әлемнің түпкір-түпкірінен келген студенттер білім алады.

• ӨЗЕКТІ

Мектепке турникет қажет пе?

Бүгінде қарағандылық мектептерде баланың биометриялық деректерін оқу үшін арнайы фейс-бақылау қабылдағыштарын (турникеттер) орнату жалғасуда. Осы мәселеде ата-аналар тарапынан түсетін сауалдар легі әлі толастаған жоқ. Өткен аптада редакцияға «Сәлеметсіз бе! Біздің №8 мектепке баланың биометриялық деректері бар турникет орнатқысы келеді. Бұл қаншалықты заңды? Турникет жүйелерін жасау және барлық мектепті жабықтап шығу қандай компанияға жүктелген, пайда табушы кім? Өрт жағдайы орын алса, тосқауылдар кедергі болмай ма? Турникеттегі балалардың деректері интернетке кіре ме? Мектепте бұдан басқа мысалы шатырды жөндеу, ғимарат апаттылығының алдын алу секілді өзекті мәселелер жол па? Мұндай жобаларды білім беруде кім насихаттайды?» деген хат келді. Оқырман сұранысына орай «Қауіпсіз мектеп» жобасы аясында орнатылатын жаңа қондырғыларды кенінен зерттеп көрдік...


Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сабаққа кешігу деңгейін азайтады

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мемлекеттік мектептердің 72 пайызы лицензияланған қауіпсіздік агенттіктерімен келісімшарттар жасасқанын айтқан. Тек 87 пайызы дабыл түймелерімен жабықталған. Ал, Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов бұл қондырғылар техникалық сипаттамалары бойынша адам денесін сәулелендірмейді әрі балалар денсаулығына теріс ықпал етпейтінін алға тартты.

Сауалымызға жауап берген қарағандылық мектеп директорларының басым көпшілігі турникеттердің мектепке бөгде адамдар кірмес үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етіп тұрғанын айтты.

– Көбінесе аймақ мектептерінде вахтада физикалық тұрғыдан ешқандай қар-



Коллекция ақпарат Ш.А.Аманжол

сылық көрсете алмайтын ата-әжелер отырады. Барлық мектептерде күзет алу, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін вахталарға отырғызу мәселесі толығымен шешілмеген.

Ал, автоматтандырылған турникеттері бар қауіпсіздік жүйесі ғимаратқа бөгде адамның кіруін шектейді. Ғимараттағы материалдық құндылықтарды қорғайды әрі арнайы ақпараттық бюллетень арқылы ата-аналарға хабарлама жібереді. Сабаққа қатысуы оқушылардың кешікпей келуін анықтап, оқу құрылғысына кіру картасын қосу немесе сақтау қажет. Жүйеде тіркелген қарточка ғимаратқа кіру құқығын береді, ал егер тіркеу расталмаса, кіру бұғатталады.

Егер оқушы үйде рұқсаттаманы ұмытып кетсе немесе ата-анасының мектепке

болдырмайды. Құрылғы арқылы қызметкерлердің жұмыс уақытын ескереміз. Кіреберіс пен оған іргелес аумаққа бейнебақылау жүргізіледі. Бұл оқушылар мен мұғалімдер үшін өте ыңғайлы, – дейді №19 мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Аңсаған Мұстафақызы.

«Жайлы мектептен» байқағанымыздай, автоматтандырылған турникеттен өту үшін деректер мен бірегей кодты анықтап, оқу құрылғысына кіру картасын қосу немесе сақтау қажет. Жүйеде тіркелген қарточка ғимаратқа кіру құқығын береді, ал егер тіркеу расталмаса, кіру бұғатталады.

Егер оқушы үйде рұқсаттаманы ұмытып кетсе немесе ата-анасының мектепке

кіруі қажет болса, басқару пульті арқылы кіруге мүмкіндік бар. Түсінгеніміздей әрбір кіріс және шығыс деректері жүйелі жазылып, сақталады. Қажет болса оларды компьютердегі арнайы бағдарлама арқылы көруге және шығаруға болады.

Директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының айтуынша, әр оқушы барлық қажетті ақпарат жазылған жеке магниттік картаны алады. Кіру қарточкасы бірегей кодты ұсынады, оның көмегімен оқушының сабаққа қатысуын бақылауға да болады. Осылайша жүйе қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, сабаққа қатысуы жақсартады, кешігу санын азайтады.

Оған қоса электронды рұқсаты бар автоматтандырылған турникеттерді пайдалану ата-аналарға баланың мектепке жок екендігі туралы хабарлауға мүмкіндік беретін көрінеді. Ол үшін арнайы SMS қолданылады. Ата-аналар жиналыстары немесе басқа мектеп іс-шаралары туралы хабарламаларды дәл осылай жіберуге мүмкіндік бар. Осыныша мүмкіндікке не құрылғының нарықтағы бағасы да әртүрлі. Төменгі баға мөлшері шамамен бір данасына 250-300 000 теңгені құрайды.

– Мектепке арналған турникетті орнату 1 күнде жасалады және сабақ өткізуге кедергі болмайды. Егер төтенше жағдай орын алса, мектеп турникеті өшіріледі. Балалар ғимараттан дереу шыға алады. Құрылғының онтайлы түріне келер болсақ, мектепке триподтарды орнатуды тандаған дұрыс. Олар салыстырмалы түрде арзан. Бұл турникеттің ең көп таралған түрі, ол мектеп үшін де, университет үшін де, кітапхана үшін де өте қолайлы. Оны қашықтан пульті арқылы басқаруға, егер эвакуация қажет болса, тез ашуға болады. Нарықтағы бағалары әрқалай, ең төменгісі – 300 000 теңгеден басталады, – дейді idsmart.kz дүкенінің менеджері Андрей Белов.

«Турникеттер өрт қауіпсіздігіне сәйкес келмейді»

Мектеп қызметкерлері автоматтандырылған турникеттерді қолданған дұрыс дегенмен, қарағандылық оқушының анасы Айгүл Маратқызы (аты-жөні өзгертілген) мектептерде орнатылған турникеттердің өрт кезінде жардан шеккендер санын көбейтуі мүмкін екенін айтады.

► 2-бет

• МӘСЕЛЕ

«Ақылды бағдаршам»: кептеліс кемиді

Биыл Қарағанды қаласында жол қозғалысының қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар өзгерістер жоспарлануда. Атап айтқанда, қала билігі наурызда жаңа «Ақылды бағдаршамдар» жүйесін енгізуді аяқтап, қаланың негізгі және магистраль көшелеріндегі қозғалысты реттеп, кептелістерді азайтуды көздеп отыр.

Жалпы, «Ақылды бағдаршамдар» жүйесі туралы қала басшысы Мейрам Қожухов биылғы жылғы қаңтар айында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаева берген есебінде айтқан болатын. «Сіздің тапсырмаңыз бойынша биыл Оңтүстік-Шығыс, Майкүдык және жол қозғалысы қауіпсіздігі жылы болады» деген ол қала көшелеріндегі кептелісті ақылды бағдаршамдар басқаратынын жеткізген болатын.

Қала басшысы 200 мыңнан астам көлік тіркелген облыс орталығында наурыз айына дейін бағдаршамдар толығымен ауысады деп уәде берді. Ол қарбалас уақытта көлік легі оңай реттеліп, жолға кететін уақытты азайтады.

Жүйеге бағдаршамдарды енгізу аяқталғанда, детекторлардан алынған көлік құралдарының легі туралы мәліметтер негізінде бағдаршам режимі құрылады.

– Наурыз айында «Ақылды бағдаршам» жүйесін іске қосуды толығымен аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі таңда барлық



Сурет ашық деректен

қажетті жабықтар келді. Қазір оны монтаждау және барлық бағдаршамдарды жасанды интеллектпен синхрондау жүріп жатыр, – деді Мейрам Қожухов.

Жалпы, «Ақылды бағдаршам» – бұл бағдаршам сигналдарын динамикалық басқару жүйесі. Сол арқылы көше-жол желісінің өткізу қабілеті жақсартады. Жол қозғалысы қауіпсіздігі артады. Басқаша айтқанда, бұл әдеттегі, қатаң белгіленген режимде жұмыс істейтін бағдаршам емес. Ол белгілі әр бағыттағы көлік құралының санына қарай ауыстырып отырады.

«Ақылды бағдаршам» жүйесі реттегіштен, қашықтағы қозғалыс сенсорларынан және бейнекамералардан тұрады. Олар нақты уақыт режимінде қиылыстардың жүктемесін бақылайды. Бұл ақпаратты орталық басқару серверіне жібереді. Ал, сервермен байланыс радио сигналдар арқылы немесе оптикалық байланыс желілері арқылы жүзеге асырылады.

Осы жүйе аясында 34 жаңа бағдаршам орнатылып, 4 нысан жөнделеді. Одан бөлек, жоспарда кеншілер астанасының орталық көшелерінде электр қуаты өшкен жағдайда

жұмыс істей беретін бағдаршамдар үшін 40 үздіксіз қоректендіру көздерін орнату бар.

Одан бөлек, Қарағандыда жол қозғалысының тиімді ұйымдастыру үшін 140 мың шаршы метрлік жол белгілері салынады, 800 жол белгісі, 15 бағыт көрсеткіші және 10 сфералық айна орнатылады. Айна орнатылатын көшелер әкімшілік полициямен анықталады. Қаладағы қауіпсіздік үшін биыл 2 шақырым тосқауыл қоршауын орнату және жөндеу жоспарланған.

Қаржыландыру жүзеге асқан жағдайда, бірқатар көше қиылыстары кеңейтіледі. Мысалы, Сарыарқа – Орбита, Республика даңғылы – К.Дүйсебаев көшесі, Кеншілер даңғылы – Тәттімбет көшесі, Бұқар жырау даңғылы – Н.Әбдіров көшесі, Республика даңғылы – С.Мұқанов көшесі, сондай-ақ, Гоголь мен Гудермесская көшелерінің қиылысы.

Сондай-ақ, Саран шоссесі мен жетінші магистраль қиылысына айналма қозғалыс енгізу көзделуде. Алашқин мен Костенко көшелерінде біржақты қозғалыс пайда болуы мүмкін.

Мұның бәрі негізгі көшелерде қозғалыстың қауіпсіздігі мен тиімділігін арттырып, апат қаупін азайтып және көлік легін онтайландыруға үлес қосады.

Дильяра АБИШЕВА,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Бағдарлама халық игілігіне

Қарағандыда «Наурыз» және «2-10-20» бағдарламалары бойынша тұрғын үй сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша «Отбасы банкі» АҚ-ынан мақұлдау алған азаматтарға тұрғын үй сертификаттарын алу үшін құжаттарды қабылдау басталды.

Кезекте тұрған Ұлы Отан соғысының ардагерлері және оларға теңестірілгендер, сонымен қатар, басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери операцияларға қатысқан ардагерлер алады. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, созылмалы аурулардың ауыр түріне шалдыққандар, жасына байланысты зейнеткерлер де бар тізімде.

29 жасқа толмаған, ата-анасынан көмелттік жасқа толғанға дейін айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қандастар, экологиялық зиялалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде тұрғын үйінен айырылғандар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған, немесе, бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар бағдарламаға ілігеді.

Мемлекеттік қызметке өтініш Электрондық үкімет веб-порталы (egov.kz) арқылы беріледі.

Өз тілшімізден

Бұқара бұйымтайы бақылауда



ҚАРАҒАНДА ОБЛАСЫНЫҢ ӘЖІМАТІ

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындардың жеке мәселелері бойынша өзінің кезекті қабылдауын өткізді. Қабылдауға келушілер жеке басының мәселесін көтеріп қана қоймай, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және медициналық оңалту саласындағы проблемаларды да назардан тыс қалдырмады.



Сурет облыс әкімінің сөйлеуінен

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, Шахан ауылындағы жылумен жабдықтау жағдайы ортаға салынды. Орталық қазандық тұрақты жұмыс істеп тұр. Жылу көзінен 114 көпқабатты үй мен әлеуметтік нысан жылытылады. Температуралық кесте де бірқалыпты. Алайда, орталық жылу пункттерін салу қажет. Бұл жеке секторды жылуға қосуға мүмкіндік береді.

Бұл жөнінде жоба әзірленіп те қойған. Бірақ, республикалық бюджеттен қаржыландыру әлі мақұлданбапты. Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков бюджеттік өтінім энергетика министрлігінің қарауында екенін мәлімдеді.

Ермағанбет Бөлекпаев аймақ басшылығы жағдайдың

оң шешілуіне мүдделі екенін атап айтты.

Ал, қарағандылық Бикеш Сатымбаева қабылдауға Г.Потанин көшесінің тұрғындары атынан келген. Оларды иесіз қалған су құбырлары мен көріз желілерінің қазіргі тағдыры алаңдатып отыр.

Қала әкімі Мейрам Қожухов жақын арада олардың баланса алынатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, коммунациялардың жай-күйін тексеру мәселесі де кезек күттірмеуі тиіс. Жол астындағы құбырларды жөндеу қажет болуы мүмкін. Сондықтан, тұрғындар сұрап отырған көшені асфальттау әзірге кейінге қалдырылуға болар. Бұдан басқа, тұрғындар қоқыс жинау мәселесіне назар аударуды сұрады.

Аймақ басшысы аудан әкіміне тұрғындармен жиын өткізіп, осы мәселелердің қалай шешілетінін түсіндіруді

мұқият тапсырды.

Бұдан бөлек, облыс әкімінің жеке қабылдауында мүмкіндігі шектеулі жандарды медициналық оңалту мәселесі көтерілді.

Абай қаласының тұрғыны Қарлығаш Жұмағалиева Қарқаралыдағы оңалту орталығынан онлайн байланысқа шықты. Ол дәрігерлердің көмегіне мұқтаж жандар бір жыл ішінде екі рет осындай курстардан өтуге мүмкіндік жасауды сұрады.

Ермағанбет Бөлекпаев оңалту орталығының жұмысын жергілікті жерде зерттеп, зерделеу үшін Қарқаралыға жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысын жіберді. Сонымен бірге, қабылдауда көтерілген басқа да маңызды мәселелер үнемі облыс әкімдігінің бақылауында болатыны айтылды.

• АЛҚА ОТЫРЫСЫ

Өңір спорты өркендейді

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әденейдің төрағалығымен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасында алқа отырысы өтті. Отырыс барысында бұқаралық спортты дамыту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, олимпиадалық және ұлттық спорт түрлерінің даму динамикасы мен проблемалық мәселелері қозғалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отырысқа облыстық мәслихаттың депутаты, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі комиссиясының төрағасы Қадияша Оспанова, спорт саласының құрметті қайраткерлері Валерий Грозов, Ерлан Досмағамбетов, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда мен басқарма басшылары, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары қатысты. Отырыс барысында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев былтырғы жылдың қорытындысына тоқталды.

Басқарма басшысының дерегіне, өткен жылы облыс спортына 21 млрд 314 млн теңге қаржы бөлінген. Ал, биыл жоспарға сәйкес 23 млрд 126 млн теңге бөлінбек. Сонымен қатар, өңірдегі спорт нысандарының саны 1 301-ге жетті. Ал, оның 131-і – ауылдық жерлерге тиесілі нысандар. Былтырдың өзінде 54 спорт нысаны ашылды.

Қазіргі таңда төрт спорт нысанының құрылысы жалғасуда. Атап айтсақ, Приозерск қаласында 210 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Саран мен Ақтас ауылында 150 орындық спорт кешені бар. Және Қарқаралы қаласында стадион салынып жатыр.

Одан бөлек тағы төрт жобаны іске асыру жоспарлануда. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарқаралы ауданындағы Кектас ауылына, Бұқар жыраудағы Қушоқыға республикалық бюджет есебінен спорттық-сауықтыру нысандары салынады. Және Ақсу-Аюлы ауылы мен Осакаровка кентіне республикалық бюджет есебінен бассейні салынады, – деді басқарма басшысы.

Серік Сәпиев өз сөзінде ерекше қажеттіліктері бар тұрғындарға бас көңіл бөлетіндігін жеткізді. Мәліметтерге сүйенсек, өңірде



55 235 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Оның 30 617-сі спортпен шұғылдана алады. Осы мақсатта түрлі спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру қажеттігін жеткізді.

– 2024 жылы 275 параспортыбы 19 халықаралық және 30 республикалық жарыстарға қатысып, 255 медаль жеңіп алды. Оның 155-і – алтын. Өткен жылдың ең үздік көрсеткіші – Парижде өткен XVII жазғы Паралимпиада ойындарында біздің спортшылардың жетістіктері. Дастан Мұқашбеков ядро лақтырудан, Даяна Федосова дзюдодан қола медаль жеңіп алды. Өңірден 105 спортшы Ұлттық құрама мүшелігінде, – деп атап өтті Серік Жұманғалиұлы.

Ал, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Алма Шалабаева биыл облыс мектептерінде 1 456 спорт секциясы жұмыс істейтіндігін баса айтты. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 93 спорт секциясына ұлғайыпты.

– Әр оқушының сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылдануын мақсат еттік. Сондықтан, спорт

секцияларын құрып, қатысушылар санын арттыру мақсатында жұмыстарды жалғастырып жатырмыз. Ауыл мектептеріндегі спорт залдарын ересектердің кешкі уақытта пайдалануы мәселесі жиі көтеріледі. Аймақтағы мектептер қажетті спорттық құрал-жабдықтар, керек-жарақтармен 60 пайызға қамтылған. Былтыр шаңғымен шұғылдануға, жеңіл атлетика мен гимнастикаға арналған спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға бюджеттен 73 миллион теңге бөлінді. Барлық мәселе білім басқармасының бақылауында, – деді Алма Қабакенқызы.

Бұдан бөлек, жиында Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары Әлия Шайкенова ауданында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі жұмыстар жайында айтып берді. Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев, Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Андрей Уманцев те атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Сурет ұйымдастырушылардан

Мектепке турнир қажет пе?

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Өрт қауіпсіздігіне сай нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары бойынша түтін кезінде адамдар ғимараттан тез арада біркелкі ретпен шығуы керек. Зембілде жатқан адамды кедергісіз алып жүру үшін де эвакуациялық жолдың ені бірдей қалыпта болып қалуы тиіс. Ал, турнирлер оларға сәйкес келмейді, – дейді Айгүл Маратқызы.

Қарағандылық қоғам белсендісі Наталья Шевцова да осы мәселеге назар аудартады. «Үкіметтің 2009 жылғы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің 261-бөліміне сәйкес, эвакуациялау кезінде негізі шығу жолдарына турнир және адамдардың еркін өтуіне кедергі келтіретін басқа заттарды орнатуға тыйым салынады. Соған қарамастан, барлық оқу орнында, вестибюлі мен холында турнирлер қойылып жатыр. Ол құрылғылар жай емес, кіру-шығуы басқару және бақылау жүйелерімен жабдықталған. Бұл іс қаншалықты заңды? Ғимараттардың эвакуациялау жолдары және барлық есіктері адамдардың тез әрі қауіпсіз шығуын қамтамасыз етуі тиіс», – дейді ол.

Ал, ішкі істер министрлігінің дерегіне, белсенділер алға тартып жүрген өртке қарсы техрегламенттің күші жойылды. Оның орнына Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильиннің 2021 жылғы 17 тамыздағы №405 бұйрығымен жана «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техрегламенті енгізілді. Сонда турнирлер орнатылуға тыйым салатын норма алып тасталған.

Қоғам белсендісінің айтуынша, өрт кезінде дүрліккен балалар мен ересектер одан секіріп өтемінен деп, құлап, бірін-бірі таптап тастауы ықтимал. Өр мектепте қосымша эвакуациялық есіктер бар дегенмен, олар әрдайым жабық тұрады. Оны ашу үшін алдымен кілтін іздеу қажет. Ал жалғыз шығу жолындағы орталық есікте турнир түрінде кедергі тұрса ше?!

«Антипаника» жүйесі қалай жұмыс істейді?

Орталық есікте турнирдің тұратыны ата-аналарды алаңдатқан мәселе. Дегенмен, мектепте электр қуаты өшіп қалса, турнирдің қосалқы бөлшегі – биометриялық кешен қалай жұмыс істейді? Білім басқармасының мамандары мұндай жағдайда «Антипаника» жүйесі қосылатынын айтты.

– «Антипаникада» барлық турнирлер ашылады. Биометриядан өту тоқтатылады. Ғимаратқа кіру және шығу тегін болады. Алайда, бұл жерде басты мәселе мектеп күзетінің ұқыптылығына байланысты. Өйткені, мұндай жағдайда ғимаратқа бөгде адамдарды жібермеу керек, – дейді басқарма мамандары.

Бейнебақылау орнату заңды ма?

– Шамамен төрт жыл бұрын балалардың қауіпсіздігі үшін мектептерде турнирлер орнату ережесі пайда болды. Тиісті бұйрықтар шығарылған соң, қазір Қарағанды облысының барлығы 420 (16 жекеменшік) мектептері турнир түріндегі өткізу жүйесімен қамтамасыз етілді. Оқушылар қолданатын магниттік картаның көмегімен мектепке кіруді және одан шығуды ғана емес, сонымен қатар асхана мен кітапханаға баруды да белгілейді. Бұл туралы хабарламалар ата-аналарға арнайы қосымшаға келеді, – дейді білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие және жалпы орта білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтан.

Білім басқармасының ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Ақылбек Рамазанов нақтылап өткендей, қазір білім ошақтарына цифрландыруды енгізу жалғасуда.

– Мектептердегі турнирлерді автоматтандыру басталды. Бірінші кезекте ғимараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Жол картасы әзірленді. Балалар карталарды жоғалтса еш қиындықсыз қалпына келтіруге болады. Олардың бағасы 50-ден 200 теңгеге дейін өзгереді, алайда іске қосудан басқа, олар бағалар мен пер-

соналдың есебін жүргізуге көмектеседі, – деп түсіндірді Ақылбек Рамазанов.

Қарағандыда өткен жылы биометриялық сәйкестендіру «Алақан Мектеп» жобасы пилоттық режимде Абай атындағы мектеп-гимназиясында (№104), ал «Отан мектеп» өткізу жүйесі әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясында (№102) іске асырылды. Алайда, «Алақан Мектеп» жұмыстағы қателіктер мен сәтсіздіктерге байланысты тоқтатылған. Бұл жүйелердің жұмыс істеу принципі бірдей болғанымен, айырмашылық тек сәйкестендіру әдісінен болған.

– Өткен жылы тыйым салынбаған сәйкестендірудің баламалы тәсілдері бар «Отан мектеп» өткізу жүйесі сатып алынды. Мұндай жүйелерді 700 және одан да көп бала оқитын мектептерде орнату жоспарлануда. Жоспар бойынша 1 сәуірге дейін өңірдегі 404 мемлекеттік мектептің 175-іне осындай кешенді орнату жұмыстары белгіленген. Жүйелен алынған мәліметтер мектеп базасынан асып ешқайда кетпейді, сондықтан ата-аналарға алаңдайтын ештеңе жоқ. Егер балаларының суретке түсуін қаламаса, олар бұл туралы мектеп әкімшілігіне мәлімдемесі жаса алады, кейін балаға магниттік карта беріледі. Осы тақырыпта біз мектептердің Қамқоршылық кеңестерімен кездесулер өткіздік. Біз бақылау жүйесінен барлығын суретке түсіруді талап етпейміз, – деді Ақылбек Рамазанов.

Дегенмен, Қарағандыдағы мектептерде орнатылған турнирлердің көбісі жұмыс істемей текке тұрғанын айтады ата-аналар. Оған қоса шалғай ауылдарда интернет желісі дұрыс істемейтіні ескерсек, турнир жырғы әлі аяқталмайтын да секілді.

– Мағжан гимназиясында турнир болды. Біреуі әрқашан ашық тұратындықтан, бәрі сол арқылы шығатын. Ал қалғандары баяу жұмыс істейді және үнемі ашылмайды. Қала мектептеріндегі жағдай осылай болса, интернет желісі баяу ауылдарда турнир орнату қиындық туғызады, – дейді ата-ана Еркебұлан Дайыр.

«Бірдей принцип жұмыс істейді»

Мамандардың айтуынша, жүйе оқушыны бірден анықтамағандықтан, биометриялық сканерлеу кешіктірілуі мүмкін жағдайлар жиі кездеседі.

Жалпы осы орайда «Балаларды осылай суретке түсіру заңды ма?» деген сауал туындайды. Өйткені балалардың биометриясына көптеген елдерде тыйым салынған.

Гүлдана Нұрсұлтанайтып, қазіргі таңда елден тыс жерлерге барған туристер биометриялық кешендер арқылы тексеруден өтеді. Дәл осындай кешендер әуежайларда, тұрғын үй кешендерінің кіреберістерінде, әртүрлі ұйымдарда, тіпті банкоматтарда және Egov порталында жұмыс істейді.

– Негізінде, бұл жерде бірдей принцип жұмыс істейтіндіктен, үрейленбеген жөн. Қарағанды мектептерінің бірінде бір жағдай орын алды. Онда бала сабақты өткізіп алған. Яғни, қатыспады деп есептелді. Бірақ өткізу камерасының арқасында оның мектепке келгенін тіркеген жағдай болды. Біз Астанада жергілікті мектептерде кешеннің қалай жұмыс істейтінін де зерттедік. Олардың бірінде мұғалім денсаулығы бойынша жұмысқа келмегендіктен, бұл туралы біліп, балалардың сабағы босқа кетпеуі үшін тез арада басқа мұғалімді ауыстырдық. Яғни, мұндай өткізу жүйелері қауіпсіздікке ғана емес, ұйымдастырушылық шешімдерге де әсер етеді, – дейді Гүлдана Нұрсұлтан.

Заңгерлердің айтуынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабының 2-тармағына сәйкес, басқа тұлғалардың бейнесі бар суреттерді жариялау, пайдалану және тарату тек олардың келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Осы орайда ата-аналар мен қоғам белсенділері жеке деректердің таралу қаупі мен мұғалімге тән емес міндеттердің жүктелуіне алаңдаушылық білдірді.

Мәселен кейбір жағдайларда биометрия мен турнир келгенде ата-аналардан әлі де келісім алмаған мектептер баршылық. Биометрияға қатысты келісім-шарт ұсынбағандар да аз емес.

• РЕСМИ

2024 жылдың камералдық бақылау қорытындылары

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен **2024 жылдың 12 ай ішінде** жалпы сомасы 778,7 млрд теңгені құрайтын 30 183 мемлекеттік сатып алу лоттары қаралған.

Оның ішінде 2 480 лот бойынша (сомасы 63,5 млрд теңге) бұзушылықтар анықталып, 2 366 лоттарға (сомасы 59,6 млрд теңге) хабарлама жолданды. Оның ішінде 707 хабарламаға сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізе отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын кері қайтарып алу, 77 хабарлама бойынша конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) өзгерістер енгізу, 449 хабарламаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғандықтан мемлекеттік сатып алушының күшін жою, 1 133 хабарлама бойынша қорытынды хаттамасын хабарламаға сәйкес келтіру.

Әлеуетті өнім берушілерден мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жолданған 3 092 шағым қаралды, 937-сі толық қанағаттандырылды, 1 466-сы қанағаттандырылмады, 666 шағым бойынша ішінара расталды.

Қазақстан Республикасы ӘҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігінде көзделген хабарламаларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін лауазымды тұлғаларға 75 хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласында заң бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға қатысты ҚР ӘҚБТК-нің 207-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы 100 хаттама толтырылды.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

• ФОРУМ

Сән өнерінің салтанаты

Он саусағынан өнер тамған шеберлердің туындыларынан талғамның биіктігі, әдемілікті байқауға болады. Қолөнершілер ұйымдастырған ІІ облыстық форум биыл өзгеше өтті. Форумның Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуінің де өз мәні бар. Өйткені «JADIGER» шеберлері Аналар кеңесінің жанынан ашылған «Ісмер» клубымен тығыз байланыста. Клуб екі жылда халықаралық деңгейге аяқ басты.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынатын отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс. Кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан, біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтайды, жалғаса береді, – деді Мемлекет басшысы.

– Елімізде бизнесті қолдауға арналған республикалық деңгейдегі 20-дан астам мемлекеттік жоба іске асырылып жатыр, – деді «JADIGER» қолөнершілер қауымдастығының төрағасы Перизат Құлымбетова.

Конференцияда Дүниежүзілік қолөнер қауымдастығының Азия-Тынық мұхиты аймағы бойынша вице-президенті, «Асыл-Дизайн»



сән және ассортимент ғылыми-өндірістік орталығының бас дизайнері, «ASPARA» модельлеу өнері және бизнес колледжінің негізін қалаушы Айдархан Қалиев сөз алып, «Нео-фольклор» стилін ілгерілету мәселелеріне тоқталды. Халықтық сәндік-қолданбалы өнер – әлемдік көркем мәдени-

еттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдарды – ағаш, саз, жүн, металлдарды өңдеу тәжірибесі бейнеленген.

Сондай-ақ, еліміздің материалдық емес мәдени мұра бойынша сарапшысы, Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің Азия-Тынық мұхиты аймағы бойынша құрметті мүшесі әрі кеңесшісі Айжан Бекқұлова, Қолөнершілер одағының мүшесі, этнограф, этнодизайнер Бұлбұл Кәпқызы, Қолөнершілер одағының мүшесі, халықаралық ЮНЕСКО сапа белгісінің иегері Тілек Сұлтан ұлттық өнерді дамытудағы ерекше ойларымен бөлісті.

Ою-өрнекті халықтың таңбасы әрі бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті ретінде насихаттап жүрген «JADIGER» қолөнершілер қауымдастығының шеберлері Қарағанды облысы әкімінің марапатына ие болды. Бұл марапатқа сондай-ақ, 2023 жылы Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында республикалық «Аламан құрақ» жобасына қатысқан облыстың 27 құрақшысы да лайық деп танылды.

– Қазақтың қолөнері – ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Қолөнер тамыры тереңде жатқан тарихтан сөз қозғап, қазақтың ғұмызымыздың даралығын айқындайды. Осындай әдемілікті ұсынып жүрген «JADIGER» қолөнершілеріне қолдау жасап жүрген орталықтар мен жаны жайсаң жандар да марапатқа лайық, – деп атап өтті облыстық мәслихаттың депутаты, Отбасын қолдау орталығының директоры Ләззат Таймырқызы.

Форум «JADIGER» дизайнерлерінің Орталық Қазақстанның тұлғалары образдарын ұсынуымен ерекшеленді. Қарағанды дизайнерлерінің Сән шеруін көпшілік қошеметке бөледі.

– Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білген. Атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған еді. Бірақ жастардың этнодизайнге деген құлшынысы көңіл қуантады. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер қазақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнегін қолданып, өзінің туындыларына кірістіруде. Бұл ұлттық стилге сұраныстың барлығы, – деді Перизат Құлымбетова.

Форумда табысты болудың жолдары мен отбасы құндылығы тақырыбы да қозғалды. Колледждер, мектептерде «Ісмер» клубымен өткізген шеберлік сабақтар насихатталды.

Суреттер ұйымдастырушылардан

Еркін Қинойтұлы КӨБЕЕВ

Заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Қинойтұлы Көбеев 66 жасында өмірден өтті.

Ол 1959 жылы 31 наурызда Қарағанды қаласында дүниеге келді. 1976 жылы орта мектепті алтын медальмен бітірген соң Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсті.

1986 жылы «Конституциялық құқық» мамандығы бойынша М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды.

1989 жылы «Саяси жүйенің функциялары» тақырыбы бойынша заң ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертациялық жұмысын сәтті қорғады. 1993 жылы Е.К.Көбеевке доцент ғылыми атағы берілді.

1996-1998 жылдары ол Москва мемлекеттік заң академиясының докторантурасында оқып, «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негізі» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Еркін Қинойтұлы Көбеевтің кәсіби қызметі еліміздің жоғары оқу орнымен тығыз байланысты. Ол ұзақ жылдар бойы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін абыроймен атқарды.

Басшылық қызметті атқара жүріп, ғылыми жұмыстармен үзбей айналысты. 200-ден аса ғылыми еңбектер мен мақалалар жарияланды.

Марқұмның отбасы мен барлық туысқандарына қайғыларына ортақташып, көңіл айтамыз.

Еркін Қинойтұлы Көбеевтің жарқын бейнесі оны білетіндер мен бірге қызмет атқарғандардың есінде сақталатын болады.

Е.БӨЛЕКПАЕВ, Н.КОБЖАНОВ, А.ТАЙЖАНОВ, Е.А.ПЫШЫСОВ, Б.АСАНОВ, Ә.ӘЛДІНЕН, О.ТАУРБЕКОВ, Е.ҒАЛИЕВ, Н.БИКЕНОВ, Е.АЙМАҒАМБЕТОВ, Р.МАРМАНБЕКОВА, Н.ДУЛАТБЕКОВ



Еркін Қинойтұлы КӨБЕЕВ

Университет басшылығы мен ұжымы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың бұрынғы ректоры (2004-2019) Еркін Қинойтұлы Көбеевтің (31.03.1959-05.02.2025) мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің басшылығы мен ұжымы белгілі заңгер-ғалым, дарынды ұйымдастырушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Еркін Қинойтұлы Көбеевтің мезгілсіз қайтыс болғанын қайғыра хабарлайды.

Еркін Қинойтұлы 1959 жылы 31 наурызда Қарағанды қаласында дүниеге келген.

1976 жылы №2 орта мектепті алтын медальмен тәмамдап, Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын 1981 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша үздік бітіреді. Сол кездің өзінде ғылымға ерекше қызығушылық танытқан жас маманды университетке оқытушылық қызметке шақырады.

Оның ғылыми және кәсіби қызметі ғылыммен тығыз байланысты. 1981 жылы ҚарМУ мемлекеттік құқық және кеңестік құрылыс кафедрасында оқытушы болып жұмыс істеді. 1986 жылы «Конституциялық құқық» мамандығы бойынша М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, «Саяси жүйенің функциялары» (конституциялық аспекті) тақырыбында диссертациясын сәтті қорғады. 1990 жылдың ақпанында заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. Диссертациялық зерттеуінде Е.К.Көбеев КСРО-ның мемлекеттік және қоғамдық институттарын қайта құру және реформалау жағдайындағы саяси жүйені алғашқылардың бірі болып көрсетті.

1989 жылы диссертациясын қорғағаннан кейін Е.К.Көбеев ҚарМУ-да мемлекеттік құқық және кеңестік құрылыс кафедрасының доценті болып жұмыс істеді, 1991 жылы мемлекеттік және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі болды.

Кафедра меңгерушісі ретінде құқықтық білімнің дамуына зор үлес қосты, оқу бағдарламаларын жаңартуға мұрындық болды және факультеттің кадрлық әлеуетін нығайтуға атсалысты. 1994-1996 жылдары Қарағанды мемлекеттік университеті заң факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды.

Ауқымды көлемдегі оқу және ұйымдастыру жұмыстарын атқара жүріп, Еркін Қинойтұлы одан әрі кәсіби өсуді де естен шығарған жоқ. Осы кезеңде факультет нарықтық экономиканың қалыптасуымен ғана емес, сонымен қатар жоғары білікті кадрлардың – ғылым докторлары мен кандидаттарының кетуімен байланысты қиын күндерді бастан өткерді. Заң факультетінің әлеуетін нығайту қажеттігін түсінген Еркін Қинойтұлы алғашқылардың бірі болып докторантураға түсті.

1996 жылы «Конституциялық құқық» мамандығы бойынша Мәскеу мемлекеттік заң академиясының докторантурасына түсіп, 1998 жылдың қараша айында «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Е.К.Көбеевтің ғылыми заңгер ретінде қалыптасуында оның ғылыми жетекшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Ғылым академиясының академигі, Мәскеу мемлекеттік заң академиясының ректоры О.Е.Кутафин ерекше рөл атқарды.

1999-2000 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті заң факультетінің деканы, 2000 жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры болып тағайындалды. 2004-2019 жылдар аралығында Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды.

Е.К.Көбеев 300-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде монографиялардың авторы, Жоғары мектеп Халықаралық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті президентінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының вице-президенті болды.

Ғылым мен білім берудегі ерекше жетістіктері үшін көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды, оның ішінде:

- «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы (2005 ж.);
- «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі (2004 ж.);
- «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалі (2005 ж.);
- «Б.Алтынсарин» төсбелгісі (2006 ж.);
- «10 жыл Астана» мерейтойлық медалі (2008 ж.);
- «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерейтойлық медалі (2011 ж.);
- «Құрмет» ордені (2011 ж.) марапатталған.

2006 жылы Еркін Қинойтұлы Қазақстан Республикасының құқық саласы бойынша «Жыл профессоры» болып танылды.

Еркін Қинойтұлы Көбеев саналы ғұмырын ғылым мен білімнің дамуына арнаған ғалым, педагог, басшы ретінде әріптестерінің, студенттері мен шәкірттерінің жадында мәңгі сақталды.

Туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз. Иманды болсын.

№80

• ЭКОЛОГИЯ

Балықтарға да ауа қажет

Абай ауданындағы Саран су қоймасында балықтардың қырылуына қарсы іс-шаралар өткізілді. Шұңқырлар бұрғыланды, қамыс байлаулар қойылды. Сонымен қатар, су қоймасына оттегінің өтуіне арналған сорғыларды пайдалана отырып су аэрациясын жүргізді. Аталған жұмыстарға 20-дан астам адам, бес техника жұмылдырылған.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қыста мұз бен қардың қалың қабатынан суға оттегі мен жарық жеткіліксіз түседі. Соның салдарынан балықтар жаппай қырылып қалуы мүмкін. Осының алдын алу үшін Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының мамандары балықтарды құтқару жұмыстарын тұрақты жүргізуде.

Аймақта барлығы 179 жергілікті және екі республикалық су қоймасы бар. Оның ішінде, 104 су қоймасы табиға пайдаланушыларға бекітілген. Яғни, олар өз бетінше профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Ал, қалған 75 су қоймасы резервті қорға кіреді. Оларға басқарма мамандары мен балық шаруашылығы инспекторлары қамқорлық жасайды.

Абай ауданы

• ҚҰРМЕТ

Тау тұлғаға тағзым

Ботақара кентінің Әлихан Бөкейханов көшесінің басында осы аудан мен облысымыздың дамып, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан марқұм Серік Кәрібайұлы Ағыбаевқа ескерткіш тақта орнатылып, тау тұлғаға тағзым етілді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ол осы топырақта туып-өсіп, Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын Жезқазған құрылыс техникумында оқытушы болып бастап, 1973-1991 жылдар аралығында бұрынғы Улыянов (қазіргі Бұқар жырау) аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеп, көлік, құрылыс, байланыс, коммуналдық салаларға басшылық етті. Сол жылдарда аудан елдімекендерінде қаншама әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени нысандар, тұрғын үйлер салынып, жолдар төселіп, байланыс және коммуналдық сала да жақсарды. Одан кейін 1994 жылы Серік Кәрібайұлы облыстық мәслихаттың хатшылығына сайланып, сайлаушылардың мүддесін қорғау мен аймақтың өзекті мәселелерінің шешілуі үшін бар күш-жігерін жұмсады.

Ел алдындағы сол еңбектері үшін ол «Парасат» ордені және бірнеше медальдармен марапатталып, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы атанды.

Ескерткіш тақтаның да Әлихан Бөкейханов көшесіне қойылуы тегін емес. Өйткені, бұл жерде кезінде Ағыбаевтың араласып, ықпал етуімен салынған стадион орналасқан. Сонда орнатылған ескерткіш тақтаның ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын:

– Халқына суықта пана, ыстықта сая болған азаматтар болады. Осындай елдің жүгін қара нардай көтеріп, алға сүйреген перзенттерін бүгінгі жас ұрпақ білуі тиіс, – деп атап өтті.



Бұдан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Төкен Арбабаев, тағы да осы атақ иелері Қанағат Жұмашев пен Айткен Айсанов, сол кезде Ботақара кентінің әкімі болған әрі көршісі Виктор Грушко сөйлеп, Серік Ағыбаев туралы естеліктерінде ол жайлы жылы лебіздерін білдірді.

Осы ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына арнайы келіп қатысқан баласы Данияр Серікұлы отбасы атынан бұл істі ұйымдастырып, атқарған адамдарға алғысын айтты.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген Данияр ТОРЖАНОВ

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды облыстық мәслихаты Қарағанды облыстық мәслихатының V және VI шақырылымдарының депутаты, заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Қинойтұлы КӨБЕЕВТІҢ өмірден өтуіне байланысты туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтады.

• БҮРКІТ ЫСҚАҚОВ ОҚУЛАРЫ

Есіл ерге құрмет

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде нұрлы Нұра өнірінде дүниеге келген көп қырлы тұлға, әдебиетші-ғалым, публицист, ұлт қайраткері Бүркіт Ысқақовтың 100 жылдығына орай «Бүркіт оқулары» өтті. Тағылымды шараны «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы Нұра ауданы білім бөлімімен бірлесіп ұйымдастырды.

• ЕРІК НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Бүркіт оқуларының» мақсаты – тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жаңғыртып, насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты отансүйіштікке баулу дейді ұйымдастырушылар.

– Елдік жолында ерлік көрсеткен ұлы тұлғамыз – Бүркіт Ысқақов. Ол жасырын ұйым құрды, өлеңдер де жазды. Осының барлығы жас ұрпаққа үлгі өнеге болып сақталып қалуы керек. Сол себепті, осы «Бүркіт оқулары» өткізіліп отыр. Келешекте есіл ердің өнегелі ғұмыры ұрпақ тәрбиелеу жолында кәдемізге жарары анық, – деді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті тарих факультетінің деканы Жамбыл Жұмабеков.

– Бүркіт Ысқақов – Нұраға ғана емес, жалпы елге ортақ тарихи тұлға. Оның есімін жаңғыртып, шығармаларын жас буынға насихаттау – басты міндеттеріміздің бірі. Мұндай қайраткерлерді жадымыздан өшіруге әсте болмайды, – деді Нұра ауданы білім бөлімінің әдіскері Сандуғаш Біләлова.

Мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған «Бүркіт оқуларына» 130 үміткер қатысты. Қатысушылар «Кішілерге камқормын» (2-4 сынып), «Өнерпаз болсаң...» (5-7 сынып) және «Елін сүйген ердің ізі» атты үш аталымда бақтарын сынады.

Облыстық кезеңге осыған дейін аудандық, қалалық оқулардан жеңімпаз атанған оқушылар келді. Байқау шарттарына сәйкес ақынның шығармалары жатқа оқылды. Жоғарғы сынып оқушылары тұлғаның өнегелі өмір жолы турасында эссе жазды. Дидар Әмірхан мұндай деңгейдегі байқауларға жиі қатысады екен.

– Осы байқауға Бүркіт Ысқақовтың жиырмадан астам өлеңін жаттап келдім. Бүркіт Ысқақовтың «Нақақ тұтқыныңың наразылығы» деген өлеңі бар. Бұл өлең маған ерекше ұнайды. Тілге жеңіл. Осы өлеңінен кейін Бүркіт Ысқақовтың шығармашылығына деген қызығушылығым артты, – деді Дидар Әмірхан.

Шараға Бүркіт Ысқақовтың қызы Айгүл Ысқақова да құрметті қонақ болып қатысып, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға жылы лебізін айтты.

– Әкемінің есімі жаңғырып, еңбектері де бағаланып жатыр. Әкемінің аты айтылып жатқанда, кеудемді мақтаншып кернейді. Қатысушылар әкемінің ерлік істерінен үлгі алып, Отанға қызмет етсе деген тілегім бар. Қазақ елін сүйген ерлер көп болсын! – деді Айгүл Ысқақова.

Эссе жазуда қарағандылық Инжу Батар үздік болды. Балқаштық Амина Рахметбекова мен Сая Кенжебекова екінші орыннан көрінді. Назым Ахмадиева (Теміртау), Марина Орленова (Теміртау), Назкерім Жаксылық (Ақтоғай ауданы) үшінші орынды иеленді. «Елін сүйген ердің ізі» аталымында Ақтоғай ауданынан келген Ергазы Төлеуайұлы топтан қара үзді. Балқаштың үмітін арқалаған Айша Раимова мен қарағандылық Аружан Рахметолла екінші орыннан көрінді. Ақтоғайлық Каусар Марат пен Абай ауданынан келген Батыр Нұрзатұлы, Сараннан келген Ақпұр Қуандықова үшінші орынды місе тұтты. «Өнерпаз болсаң...» аталымында бірінші орын Адина Тұрағра (Шет ауданы) бұйырды. Екінші орын Назым Төңкеріске (Бұқар жырау ауданы), Айсезім Маратқа (Ақтоғай ауданы) берілді. Үшінші орын Раушан Тоқтамурағаттың, Айдана Мұратханның (Балқаш), Жанель Сағидолланың (Нұра ауданы) өнеріне лайықталды. «Кішілерге камқормын» аталымында балқаштық Жанель Саятбек көш басынан көрінді. Ақтоғайлық Дәуір Серік пен балқаштық Мариам Русланқызы екінші орын алды. Абай ауданының үкілеген үміті Диас Дәулетхан, қарағандылық Әлмансұр Смағұлов пен Нұрасыл Мұхамеджанов, Шет ауданынан келген Айгерке Серікқызы үшінші орынға ілікті.

Ұйымдастырушылар байқауды жыл сайын өткізуді жоспарлап отыр.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ҚАРҚАРАЛЫ ҚҰЗЫРХАТЫНА – 120 ЖЫЛ

Өткен күннен бір белгі

Қазақ халқының тарихында, оның ішінде, ұлттың азаттығы жолындағы күрес шежіресінде Қарқаралының орны ерекше. Қазақстан жеріндегі тұңғыш демократиялық мемлекеттік құрылымның – Алашорда республикасының басты бағдарламасына айналған Қарқаралы құзырхаты (петициясы) 1905 жылы осы қасиетті жерде дүниеге келіп, Ресей империясын дүр сілкіндірген болатын. Ұлттың санасын оятқан осы құжаттың әзірленгеніне 120 жыл толуына орай жарық көрген «Алаштың Қарқаралысы» жинағының таныстырылымы Шолпан Жандарбекова атындағы Мәдениет орталығында ұйымдастырылды.

• ЕРМЕК БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әңгіме болып отырған кітап облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қолдауымен басылып шықты. Жинаққа алаштанушы ғалымдардың зерттеу еңбектері топтастырылған. Атап айтқанда, мұнда жазушы, қоғам қайраткері, Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Тіл саясаты комитетінің басшысы Ербол Тілешев, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ



қазақ әдебиеті кафедрасының профессорлары филология ғылымдарының докторы Сағымбай Жұмағұл, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кеменгер сияқты ғалымдардың мақалалары бар.

Жинақтың таныстырылымына аудан әкімі Әділжан Арғынов, кітаптың шығуына мұрындық болған Бұқар жырау ауданының әкімі, Қарқаралының тумасы Ерлан Құсайын, алаштанушы ғалымдар Сағымбай Жұмағұл, Қайырбек Кеменгер, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Саржан Тақыров қатысты.

Кітаптың тұсаукесер іс-шарасын әдебиетші ғалым, жобаның жетекшісі Айтбай Жұмағұл жүргізіп отырды.

Аудан әкімі Әділжан Арғыновтың құттықтау сөзінен кейін еңбек ардагерлері Ойрат Жүкібаев, Саят Оспанов, Мұхит Адамов кітаптың тұсаукесер рәсімін атқарды. Ел ішінде «Өткен күнде белгі жоқ» деген сөз бар ғой. Бұл тұжырымның терістігін осы кітап нақты дәлелдейді.

Іс-шараға жиналғандар алаштанушы ғалымдардың Қарқаралы құзырхатына және өңірдің тарихына қатысты деректері мол

мазмұнды баяндамаларын үлкен ықыласпен тыңдады. Одан кейін Бесоба ауылындағы №8 тірек мектебінің 10 сынып оқушысы Әсет Сағантай, Бүркітті ауылындағы №20 мектептің тарих және мұғалімі Асқар Қуаныш Алаш тарихы және онда Қарқаралы құзырхатының алатын орны туралы ой-пікірлерін ортаға салды.

Мазмұнды іс-шара жергілікті өнерпаздардың әсерлі әндерімен әдіптелді.

СУРЕТТЕ: «Алаштың Қарқаралысы» жинағының таныстырылымы иарасынан көріністер

Хоккейшілеріміз жарап тұр

Қытайдың Харбин қаласындағы ІХ қысқы Азия ойындарының ресми ашылу салтанаты өтпесе де, ойындар басталып кетті. Шайбалы хоккейден Қазақстанның ерлер және әйелдер құрамасы алғашқы кездесуінде жеңіске жетті. Ал, керлингтен аралас жұптық бәсекеде отандастарымыз алғашқы кездесуде сан соғып қалды.

• ЕРБОЛ ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Хоккейден ерлер құрамасы А тобында өнер көрсетеді. Бұл топта Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Тайланд және Тайван құрамалары бар. Құрлық додасының

тәртібі бойынша отандастарымыз барлық командамен ойнауы тиіс. Алғашқы ойынды Тайланд құрамасымен өткізді. Нәтижесінде қазақстандықтар 0:12 есебімен ойсырата жеңді.

Әйелдер құрамасы да алғашқы екі кездесуде жеңіске жетті. Отан-



дастарымыз бұл чемпионатта Оңтүстік Корея, Тайван, Тайланд және Гонконг құрамаларымен В тобында өнер көрсетеді. Алғашқы ойында Гонконг құрамасын 0:12 есебімен жеңді. Екінші кездесуді тайландтықтарға қарсы өткізіп, 9:0 есебімен сенімді жеңіске жетті. Әзірге хоккейден әйелдер құрамасы турнирлік кестеде көш бастап тұр.

Ал, керлингтен бак сынаған отандастарымыз алғашқы ойынын Қытай құрамасына қарсы өткізді. Алайда, бұл жолы отандастарымыздың жолы болмады. 5:11 есебімен жеңіліп қалды.

Екінші күні корейлықтарға қарсы ойнап, 7:4 есебімен жеңіске жетті. Осылайша, отандастарымыз топтық кезеңдегі алғашқы ұпайын еншіледі.

• ҚЫС ҚЫЗЫҚТАРЫ

Балық аулаудың да бабы бар

Балқаш көлінде «Кәсіп-Қорған» кәсіподағы ұйымдастырған Kazakhmys Smelting қызметкерлері арасындағы дәстүрлі қысқы балық аулау сайысы өтті.

• НҮРДӘС КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайыстың салтанатты ашылуында «Kazakhmys Smelting» ЖШС Бас директоры Жәнібек Байғабелов арнайы қатысып, барлық қатысушыларды құттықтады.

Сайысқа 22 команда қатысты. Қатысушылар құрамында мыс балқыту цехы, шихта дайындау цехы, металлургия пештерін жөндеу цехы мен басқа да мамандар, кәсіпорын ардагерлері бар.

Командалық нәтиже балықтың жалпы салмағымен есептелді. І орынды мыс балқыту цехы жеңіп алды. ІІ орынға мыс және эмаль сымдарын өндіру цехының қызметкерлері ие болды. ІІІ орынды оттегі өндірісі кәсіпорны балықшылары иеленді.

Балықшылар арасында жекелеген номинациялар да бар. «Алтын балық» номинациясымен Жұмағазы Акилов (мыс балқыту цехы), «Кішкентай балық» аталымымен Андрей Прутула (бағалы металдар цехы), «Үлкен балық» номинациясымен – Таңат Байтұзақов (мыс балқыту цехы), «Ең тәжірибелі балықшы» номинациясымен ардагер Владислав Батырбаев, «Ең белсенді балықшы» номинациясымен Қанағат Амангелді (автоматика және байланыс цехы) марапатталды.

«Үздік бұрғылаушы» сайысында мыс балқыту цехынан Нұрдәс Әубәкір І орынды иеленді. «Қысқы жүгіру» сайысында да Азамат Өксікбай жеңімпаз атанды. «Қыздар арасындағы балық аулау» сайысында мыс балқыту цехынан қатысқан Бибігүл Омарова көш бастады. Светлана Молодых ІІ орынға, Елена Мирошенко ІІІ орынға табан тіреді.

БАЛҚАШ

• «ҚАРЛЫ ҚЫС – 2025»

Есілдіктер есе жібермеді

Осакаров ауданына қарасты Есіл және Пионер ауылдарында «Нашақорлыққа жол жоқ!» деген ұранмен аудандық «Қарлы қыс – 2025» спартакиадасы өтті.

• ЕРМЕК БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оған Осакаровка және Молодежный кенттері мен өңірдегі барлық дерлік ауылдық округтердің командалары қатысты. Жарыс негізінен президенттік қысқы көпсайыстан, шаңғымен және конькимен жүгіруден ұйымдастырылған еді. Аса тартысты өткен «Қарлы



қыс – 2025» спартакиадасының нәтижесінде жеңімпаз және жүлдегер атанған командалар мығым дайындықпен келгенін байқады.

Атап айтсақ, президенттік қысқы көпсайыстан І орынға Есіл ауылдық округінің, ІІ орынға Молодежный кентінің, ІІІ орынға Қарағайлы ауылдық округінің командасы ие болды.

Ал, шаңғымен жүгіру жарысынан І орын Есіл ауылдық округінің, ІІ орын Жұлдыз ауылдық округінің, ІІІ орын Озерное ауылдық округінің командасына бұйырды.

Конькимен жүгіру жарысынан І орынды Осакаров кентінің, ІІ орынды Жұлдыз ауылдық округінің, ІІІ орынды Пионер ауылдық округінің командасы жеңіп алды.

Жалпыкомандалық есепте спартакиадаға қатысушы командалар арасында І орынға Есіл ауылдық округінің, ІІ орынға Жұлдыз ауылдық округінің, ІІІ орынға Қарағайлы ауылдық округінің командасы жайғасты.

Бәсеке барысында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізіп, жеңімпаз және жүлдегер атанған командалар мен спортшыларға ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан лайықты сый-сияпат көрсетілді.

СУРЕТТЕ: Осакаров ауданының Есіл және Пионер ауылдарында өткен «Қарлы қыс – 2025» спартакиадасынан көріністер.

Осакаров ауданы

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ КЗ18ВР000030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе

41-26-82, 43-57-88

телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 706

№14 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН